

821.512.122

485

Масғұт Нұрмағамбеттегі

# Ар жүзімен...

По лезвию

совести...



**Масғұт Нұрмағамбеттегі**

# **Ар жүзімен...**

**Деректі повесть...**

**2012 жыл**

УДК 821.512.122-3  
ББК 84Қаз7-4  
Н 86 *Н85*

**М. Нурмагамбетов**

Н 86 Ар жүзімен... По лезвию совести... Деректі повесть... —  
Екібастұз. — 2012 ж. — 336 б. — қазақша, орысша.  
**ISBN 978-601-7113-41-4**

ССРО ішкі істер органдарының ардагері жазған осы кітапта поселкелік милиция қызметкерлерінің жұмысы деректі еңгімелер ретінде баяндалады. Өзін өзі сынаған тілмен жазылған ақиқат оқиғалар мен шынайы кейіпкерлердің тағдыры оқырманды жақсылық пен жамандық, милиция қызметкерлерінің ар алдындағы парызы мен олардың қателіктері туралы ойға шомдырады.

Кітап полиция қызметкерлері мен жастар аудиториясына бағышталған.

Настоящая книга ветерана органов внутренних дел СССР изложена в форме документальных рассказов о работе сотрудников поселковой милиции. Написанная простым самокритичным языком реальные истории и судьбы героев наводят читателя на размышления о добре и зле, о совести долга и просчетах сотрудников милиции.

Книга рассчитана на молодежную аудиторию и сотрудников полиции.



УДК 821.512.122  
ББК 84Қаз7-4

**ISBN 978-601-7113-41-4**

*«Сіздің айтқан сөздеріңіздің біреуімен де келіспеймін, бірақ сол сөздерді айтуға құқығыңыз бар екендігіне жанымды беруге бармын»*

**Вольтер**

*Мен ешқандай шығармашылық атақтан үміттенбеймін, бірақ Алла берген мөлшерде шығармашылықпен айналысуға құқығым барына сенімім әбден мол. Менің жазбаларым барлық әділ қауымның назарын өздеріне аударады деп ойлаймын, өйткені осының бәрі еш бұрмасыз жан шындығы...*

**Масғұт**

## **АВТОРДАН**

Өз жазбаларымды мен осыдан он жыл бұрын бастағам. Бұл менің осындай «кешіккен» шығармашылық кәсібімнің басы болатынын күтпеп едім. «Кешіккен» деуім, мен ол кезде елу бес деген белестен асқан шағым еді. Одан бұрын тек газеттерде жеке мақалалар бергенім болмаса, мұндай жазбалармен шұғылданбаған едім. Мен журналист емеспін. Бірақ бұл жұмысқа мен шындап кірістім. Мен күнделік жазған жан емеспін, оған жағдай да, уақыт та болған жоқ. Дегенмен, тынымсыз милиция қызметінің азғантай үзілістерінде мен қысқаша бір белгі-жазба, елең-ойларымды қағаз бетіне сызып отыратын әдетім бар еді. Отставкаға шыққан кезімде осындай шыймайланған қағаздар әжептәуір топтама құрып қалған екен. Соларды оқып көрек — керек емесін реттей бастағанымда алыстағы өтіп кеткен күндердегі ойларым мен көзқарастарым үзінді соқпақтар болып көз алдымда елестей бастады.

Дүмше жазушылықтың ұятты қармағына ілінбеу үшін, осы прозаны, өткен күндерді, аз да болса тарихты жазу жолында мен өзімнің жазба көлемімді қол жеткен бар материалдармен, яғни өз тәжірибеммен, заманның кезіндегі шындықтарын көріп соған төзген ойларыммен шектеуіме мәжбүр болдым. Онымен қоса маған осы материалда аналитика мен сынды үйлес қолдануға жәрдем беретін жазу түрін таңдап алу қажет болды. Бір айтқанда, мәселе мыңжылдықтар белесін аттап өткен адамның саяси көзқарасы мен тарихи қоғам тәжірибесіне сәйкес туынды жазу еді. Дәл ортасында өзімнің балалық шағым, есею мен өсу кездерім өткен ыдырауға түскен қоғамның бейнесін суреттеу еді. Мен шығарманың басты кейпері — поселкелік милиция басығының ішкі рухани

дүниесі мен әрекеттерін зерттеу арқылы құздан құлау алдындағы шыңға көтерілген Социалистік қоғамның даму шағына көркем сәуле төгіп көрсеткім келді.

Сөйтіп, өткен туралы шын әңгімеге кірістім. Ал, шындық деген не? Менің ойымша, ол өткенде іс жүзінде болған уақиғаны осы шаққа аударып дәл түсіріп суреттеу. Егерде өткенді өшекейлей бастасаң, не қаралап жатсаң ол шындық емес, керісінше ойдан шығарған, бармақтан сорып алған біржақтылық пен әуесқойлық.. Сонымен қатар, мен артыма өз заманыма деген көзқарасымды, Совет қоғамы, Совет милициясының жұмысы туралы, милиция қызметкерлері нені ойға, алға салып қызмет етті деген сөздерді қалтыруым айрықша міндетім екеніне сенімім мол болды.

Менің қаруластарым екі мыңжылдықтың күрделі де шытырман уақиғаларға толған межесін аттап өтуге, бір мемлекеттен екінші мемлекетке өтетін ауыспалы-төкпелі кезеңде өмір сүруге, отызыншы жылдарда қанға бүгіп кейіннен «жылымшы» кезеңде қайта жаңғырған әкелер мұратын талқандауын, бірлік-ынтымақтың түсінігі эгоизм толқынымен шайылғанын, жаңа туған қоғам тарих алдында құқықтық және экономикалық жүзінде жалған мәресін «бастапқы капитал» деп атап жалпы халық байлығын «жаңа құзғындар» аз уақыт арасында жекеменшікке айналдырып жібергенін жүректерімен сезіп, көздерімен көріп, ой-санамен қабылдауларына мәжбүр болды.

Дегенмен, «жаңа» алаяқтарға іштерінде қандай ыза мен қарғыс қайнап тұрса да, осындай саяси және әлеуметтік-экономикалық жүргенсіздікке бүлікпен емес, күңгірт үнсіздікпен жауап берген халықтың төзімділігі мен даналығын атап өткен жөн.

Екіншіден, саяси-экономикалық коллапсқа шырмалған ұлы державаның тарихи қалыптасқан тұтас организмнен беловеж қастандығы бір күнде кесіп тастағаннан туындаған кенеттен күрделеніп кеткен жағдайда елді тұңғышқа батырмай құз үстінен қармап қалған Республикамыздың Тұңғыш Президентіне тиісті тарихи баға беруіміз керек..

Әрине, қоғамдық формацияларының негіздерін сараптау тарихшы мен саясаткерлердің кәсібі. Ал, мен болсам, келешек ұрпаққа өткен қоғамның құқықорғау органдарының қылмыспен күресуін ақиқат биігінен саясаткер емес, сол уақиғалардың ортасында болған қатысушы ретінде суреттегім келді. Бұған мен өзімнің мол тәжірибемді, сонау кездегі қылмыс зерттеу жұмысын жас маман ретінде бастаған көзқарасыммен салыстыруға талпындым. Және менің жүрегімнен, ой-сезімімнен қиын да тынымсыз милиция қызметі ғана емес, сонымен қатар қылмыскерлердің психологиясы мен тағдырлары да өтті. Өйткені біз үлкен кеңселерде, үлкен креслоларда отырып қылмыспен қағаз жүзінде күрескен емеспіз, бар қызметімізді жерде, ауыл арасында атқарып, жергілікті қылмыскер-бұзықтармен күнде бетпе-бет кездесіп жүрдік. Кейбір қылмыскерлермен маған көп жылдар бойы жақын адамдарыммен қолтықтасып жүргендей сондай тығыз қарым-қатынаста болуға тура келді. Соны-

мен қатар, мен қылмыскердің жан-дүниесін сезсем де милиция қызметкері ретінде оның психологиясын түсінбедім, мен оған дұрыс жол табуға қол ұшын берсем де, оның қылмыстарына жол бермедім, сөйтіп біздің арамызда көзге көрінбес және бір тал қылшық өткізбейтін берік моральді айырғыш жатты.

Өмірде біркелкі көзқарасқа қарсы болғандықтан, мен өз оқырмандарыма: билік қашан да болсын оң ба? — деген ойларына күменді әсер еткім келеді. Өйткені билік басындағылар да басқалар сияқты әрқайсысының ақау-кемістіктері бар жандар, кейде тіпті халыққа қарсы келетін сапасы да бар, ал, сол биліктің шешіміне, билік құрамының іс-әрекеттеріне миллион тағдырлар тәуелді. Сондықтан билік нұсқауларына соқыр көмбістік ету дұрыс емес шығар, шешімдердің әр тарапын мұқият қарап ақыл және әдеп сынынан өткізу қажет. Пікірталастан шындық туады деп бекер айтылмаған болар. Өмірде де уақиға бағалары біркелкі болмау керек, өйткені қарама-қарсылық даму заңы дүниенің ең басты нүктесінде жатыр.

Бұл кітап ер-милиционерді дәріптейтін, немесе оңбаған қылмыскерді айыптайтын детективті жанр емес, сонымен қатар Социалистік қоғамды мақтап жаңа дәуірді даттайтын да шығарма емес. Бұл кітап ХХ ғасырдың екінші бөлігінің милиционерлерінің өз мамандықтарын жанымен қабылдауын осы кездегі полицейлерге табыстау.

Кітаптің қарапайымдылығы мен түсініктілігі, ішкі істер органдарындағы бір жағдайда қалалық бөлім дәрежесінде, енді бір жағдайда ауыл бөлімше инспекторлары ретінде әрекеттейтін қызмет диапазоны өте құбылмалы, статусы қалалық бөлімдерден төмен, бірақ ауыл бөлімшелерінен жоғары тұратын поселкалық милиция қызметкерлері туралы жазылғанында.

Мен кітапты түзетуге, сараптауға, редакциялауға ешқандай тіл мамандарына, жазушыларға жүгінген емеспін, екі тілде де өзім жаздым, компьютерде өзім бастым, өйткені қандай да болмасын шығарма сырттағы көзқараспен емес, автордың өзінің ішкі жан қуаты, санасымен ерекше. Айта кетерлік жәйт, мен бұл кітапты кәсіби жазушы жағдайында жазғамын жоқ, өзімнің күзет қызметі кәсібімнің арасындағы бұйырып қалған уақыттарда ғана қалам жүгіртуге мұршам келіп отырды. Кейде айлап бұл жазбаға кіріспеген уақыттарым да болды. Еске сала кететін, өзім орыс мектебінің түлегі болған соң, орыс мәтінінен қазақшаға аудару маған аса күрделі іс болды, бірақ та сол ауыр жүкті арқалауға жігерімнің жеткендігі менің ана тілімді толық меңгергенімді дәлелдеген осы жазба еңбегімнің шыңы деп санаймын.

Оқырмандар назарына кезінде болған уақиғалар туралы шындық әңгіме-очерктер ұсынылады, тек кейбір кейіпкерлердің аттары өзгертілген. Әрине, кейбір жерлерін әсерлендіру үшін менің талдауларым қолданылған.

*Масғұт Нұрмағамбет тегі*

*«Милиция (полиция) қызметі өте лас та, өте үстемді (мәжбүрлеу жағынан), сондықтан да бұл қызмет тек мұнтаздай таза ары бар адамдарға сеніммен жүктелуі керек, өйткені билік басындағылардың қоғамды қылмыстан тазарту борышынан басқа сол қылмысты «қылмыспен күресіп жатырмыз» деген алдамшы жамылғышпен жауып тастауларына да мүмкіндіктері бар»*

**Масғұм**

## **АСА ҚАУІПТІ, НЕМЕСЕ ЗАЯ КЕТКЕН ӨМІР**

Кәмелеттік жасқа толмай жатып түрме босағасын аттаған ол өмір бақи тек төменге құлдыраумен болды. Өмірінің қартайған шағында ол өз ғұмырнамасын: сүрілмеген өмір! деп ащы сөздермен тұжырымдады.

Сонымен — жазғы күн. Манұр — поселке милиция бөлімінің әлі жас қылмыс іздестіру маманы — өз қызмет бөлмесінде болатын. Есік ашылып одан бақай ұшымен басқандай үнсіз де шапшаң қырықтар шамасындағы талпақ адам кіріп келгенде Манұр іс қағаздарын қараумен шұғылданып отырған. Жалпақ кең иықтардың үстінде өркөкірек бас, домалақ толық келген бетте қуат пен батылдық шашқан үлкен нұрлы көздер, осының бәрін көмкеріп тұрған қайратты да сәл бұйраланған әсем де қою шаш. Сырт пішіні күрескерге ұқсаған: иығы өте мықты, жасанды теріден тігілген пижактың астынан көк футболканы керіп тұрған кеуде бұлшықтары шыныққан денені бейнелеп тұр. Расын айтса, Манұр көптен бері осындай атлет жігіттерді көрмеп еді, сондықтан бірнеше секунд оған үнсіз таңырқап қарап қалыпты.

Қысқа тыныштықты келгеннің өзі атын атап бұзып жіберді де, кеуде қалтасынан ерекше бір мәнермен, сұқ және ортаңғы саусақтарымен іліп, екі бүктелген қағазды алып шығып Манұрға ұсынды. Қағаздың түсінен оның бас бостандығынан айрылғандарды қамауда ұстайтын мекеменің анықтамасы екенін Манұр бірден түсінді. «Әй, бұл сау сиырдың боғы емес!» — деген ішкі қобалжуы басым болса да, ол қағазға қолы бір-екі секунд тимес бұрын түйсік сезіммен тікелейді де қалды. Жағдайды күрделендіріп тұрғаны оның Манұрдан едәуір ересек болғаны. Бұған дейін де Манұрға алдын ала есеп тіркеуіне тұруға талай бұзылғандар — қанішерлер, қарақшылар, ұрылар — келетін. Бірақ, олардың бәрі жастар болушы еді.

Манұр қағазды аша бастап ескі креслосының арқасына салқым шалқая:

— Отыр! — дей салды.

— Тәрбиелі адамдар үлкенге «Сіз!» деуші еді, жарайды, біз не көрмеп едік! — деп, келген қабырға жақта тұрған орындыққа отыра кетті.

Манұр көзінің қырымен оның отырған қалпын шалып қалды — ол орындықта толық отырған жоқ, денесін орындықтың арқасына тигізбей шетіне іліне отырып, орындықтың алдыңғы екі аяғына бүгіле тартылған аяқ ұштарымен еден тіресе, пижактың сыртынан білініп тұрған бұлшықты білектері жартылай жабылған алақандарымен тізелерінде жайланған. Тура қарғуға дайындалған ілбісін тәрізді...

Қағазды ашып ішіндегі фамилияны оқығанда Манұр іштей дір ете түсті, өйткені ол жас кезінде естіген жергілікті қанішер-бұзық туралы үрейлі еңгімелердің бас кейіпкерінің фамилиясы болып шықты. Сәбилік естелік Манұрдың ішінде осы қорқыныш кодын өсу сатыларымен бірге жетелеп отырған екен, енді міне, бір кезде ұмытылған жауыздың аты оның есейген қолдарында пайда болған қағаз бетінен осылай жарқ ете түсті. Манұр жанталасқан көзімен оның жазаланған Қылмыс кодексіндегі статьяларды іздей бастады. Е, солай болар, кісі өлтіру... ауыр түрде кісі өлтірген... қоңыраудан қоңырауға дейін 10 жыл, оның 3 жылын түрмеде отырған, сосын «алапесте» (ерекше режим), дегенмен, бостандыққа жалпы режимнен босатылған. Сот үкімімен «Аса қауіпті» деп танылған. Анықтамамен одан әрі танысу барысында Манұр бағанағы өркөкірек шікірейген қалпынан арылып өз қалпына түсті: қарсы алдында отырғанның өмірбаянымен танысып тура есеңгіреп қалды. Соңғы рет сотталғанға дейін ол төрт рет бұзақылық үшін әртүрлі мерзімге кесілген екен, бірінші рет 16 жасында сотталған. Қазіргі таңда ол 42 де. Манұрдың миы санақ машинасына айналып асығыс санай бастады. Сонымен, бостандықта өткізген 4 айдан 6 айға дейінгі қысқа үзілістерді санамағанда, бұл қасқаңның таза отырған мерзімі 24 жыл болып шықты! 42 жасының 24 жылын ол тікен сымдардың арғы жағында өткізген. Бұнда енді қандай адамгершілік қалды дейсің? Төрт рет бұзақылық үшін жазаға тартылса, соңғы рет кісі өлтіріп сотталған. Және бір де ұрлық істемеген, бір де тонаушылық не шапқыншылық жасамаған! Қызық! Өте таңқаларлық!

Келгеннің салмақты қоңыр дауысы Манұрды алғашқы сәтіне қайтарды:

— Милицияда аз уақыт істегенің көрініп-ақ тұр. Мектеп дәптерін тексерген мұғалімша үңілесің. Кел, алдымен еңгімелесейік, қағаздарыңды артынан келістірерсің.

Оның дөрекі жүгенсіздігі Манұрдың намысыма тиіп, шындық сөздері шаншып жіберді (расында Манұр милицияға мектеп ұжымынан келген), сондықтан болар, Манұрдың аузынан ой-жігермен нөқталмаған сөздер атып шықты:

— Әй, нағыз оңбаған екенсің! Таза 24!



Бұл сәтте келуші үндемей Манұрға зер салып бір қарады да басын терезе жаққа бұрып өкетті.

Орнаған кідірісті Манұр әдіспен қолданып:

— Бар, түстен кейін келесің, менің қазір уақытым жоқ..

Ерің Манұрға бірер секунд таңырқаған пішінмен қарады да, кенеттен басы стөлдің деңгейімен теңелгенше күрт өңкейді де, әдемі шайқала (бұзықтық өрескеліктің белгісі) асықпай түрегелді.

— Нешеде келейін?

— Екіде. Келмесең — айдап әкеледі. Болды. Бара бер!

Ол бағанағы кіргендей емес, тісі ауырғаннан бетін тыжырайтқан жандай әдепсіз пішінмен шықты, әйтеуір, Манұрға солай көрінді. Манұр креслоның арқасына шалқая, екі қолын стөлдің шетіне тіреп қойып үнсіз есікке қарап қалды. «Иә, мынауың бос белбеу емес. Жазасын қоңыраудан қоңырауға дейін толығымен өтеп шығып отырады. Одан сорақысы, бұл біткен зек қой. Бұл не көрмеді дейсің: түрмені де, конвойды да, күзет иттерін де, бұзықтарды да, зонадағы бар дауды да, кісі өлімін де... Осының бәріне қалай төзеді екен?». Манұр бір лас дүниеге сүйкеліп кетіп, енді содан тазартылуды ойлағандай күйге қалды. Манұрдың өз ішкі қарама-қарсылығы айқын көрініп тұрды: қылмыс іздестіру маманының міндетін атқарып отырса да, оның ішінде мұғалім отырды. Көз алдынан мектептің сәулелі класстары мен аңғырт та таза балалар жүздері зымырап өте шықты. Бірінші өкініші милицияға орналасқаннан кейінгі біраз күндерден соң-ақ болып еді. Әлі форма да алмаған Манұрды милиция кезекшілігіне шығарды. Армияда бөлім кезекшісі болып талай жүріп еді, және ол қызметке ерекше салатантпен қараушы еді. Әлі есінде, жылтырасын деп хром етікті сыртына газет салып үтіктеген кездері. Милиция кезекшілігіне де Манұр ерекше сезіммен келген. Бірақ, түнгі дабыл қоңыраумен барғанда үйінде бүлік салып қолындағы балтасын сермеп аулада зікір салып жүрген мас бульдозеристің жынын басу кезінде Манұрдың салтанатты сезімі әп-сәтте жоқ болып, оның орнына мұғалім мамандығын милицияға неге айырбастадым деген өкініш ұялап еді.

Мына рецидивистке кез болған соң осындай өкініш Манұрға қайта оралды. Иә, қылмыс әлемінің өлшемі бойынша ол бар биік атақтардың иегері. Ал, Манұр ше? Институт әскери Кафедрасымен, одан соң Әскер қатары. Әрине, соңғысы оған өте көп нәрселерді үйретті ғой. Манұр өмір жолында әдепті де парасатты офицерлерге жолығып солардан дәріс алғаны үшін тағдырына риза. Мойындауға бар, екі жарым жылдың ішінде поселкелік сотқардан, онан қалса студент-стилягадан Закавказье әскери аймағының арнайы полк офицерлері бар жынды қағып тастап, жігер мен Мемлекетке деген ерекше жауапкершілік сезімін және погон намысына деген бірбеткейлі сүйіспеншілікті қалыптастырып шығарды.

Бірақ,, әскер қатарында соғыс өрісінің тактикасына, нағыз жаумен ашық ұрыста соғысуға үйретеді. Ал, мында ше? Ұрылар,

қанішерлер! Бұнда қандай ереже болу керек!... Тек, кейіннен, облыс ІІБ-ның қылмыс зерттеу бөлімінде жүріп тәжрибелі дайындық өткенде ғана, Манұр заңды аяққа таптайтын қылмыскерлердің жүгенсіздігін басу жолындағы оперлардың, өздерінің ызакектерін ауыздықтайтын заңның көзбояушылық жұмсақтығынан құралған ашықтықты толтыратын, ережесіз арпалыстарының куәгері болды. Шындыққа бас ұрсақ,, халықтың мүддесін қорғау жолында өздерінің басын жауапкершілікке таңып кейде заңға қайшы қимылдаса да, оперлардың әрекеті көп жағдайларда әділ еді. Сен қандай да зиялы адам болсаң да, қанішер не зорлаушыны құрықтағанда көзіңмен көрген трагедияны миыңа сыйдыра алмай, басыңа қан шапшып тұрғанда қылмыскерге «Кешіріңіз, түсіндіріңізші...» демейсің, керісінше, заңдылық ілгегінен ағытылып кетіп, іштен бір қойып, тіземен екі түйіп «Өлекшін, мойында, сен өлтірдің бе? — деп қатуланып ақырасың. Міне, оперлардың дәл осы «заңсыз» әрекеттерін журналисттер майын тамызып өсектейді ғой, ал, өлім халінде азап шеккен қылмыскердің құрбанын, зорланған жасөспірім қыздың есінен адасқанын тек оперлар мен сот-дәрігер сарапшылары ғана біледі. Кейде трагедияның толық жағдайын құрбандардың туыстары да біле бермейді. Оларды этикалық тұғырдан бұндай сұмдық көріністерге араластырмайды. Инабатты милиционерлер тек кинофильмдерде ғана болады. Бірақ, милиционерлер әртүрлі ғой; ақсаусақтар да бар, нағыз бәрібасарлар да бар.

Манұрдың ойын кезекші милиционер, аға сержант бөліп жіберді. Бұл да тапалшаң, толықша келген, үлкен қарыны оны домалақтатып көрсетіп тұр. Кіре бере, сұп-сұр болып:

— Әй, бұл Зәлім ғой! — деді.

— Білем.

— Ах, жылан! Қашан құрыр екен! Өмір бойы алысып келеміз, өте бейбастақ. Тағы да тыным болмайды десеңші. Оны қайтадан жіберу керек.

— Қайда?

— Қайдасы не? Зонаға.

— Егер ештеме бүлдірмесе оны қалай айдайсың?

— Бір-екі рет әкімшілік бақылауды бұзды деп ысқыртып жіберу керек!

Манұр түсінді: сержант оны — жас оперді қолданып өз арам ойын іске асырмақ. Оның Зәлімнің оралып келгенін үлкен үреймен қабылдаған себебі, Зәлім тәртіп бұзса, оны милицияға жеткізу — милиционерлердің міндеті, ал ол іс бұлардың абройларына ақау келтіруі мүмкін, өйткені Зәлім басқалардай тыңдай қоймайды — қарсылық көрсетуге барады. Бір айтқанда, оның көп шатағы бар. Сондықтан, кеншарда қызыл айдарлы өтеш құсап, кіші-гірім маскүнемдерге қожалық жүргізу үшін, Зәлімнің поселкеде болмағаны дұрыс-ақ. Ал оны қайта зонаға айдату, тек қана оперлар мен бөлімше инспекторының ғана қолдарынан келеді.

Ал, әкімшілік бақылау деген не? Ол — прокурордың санкци-

ясымен бекітілген әкімшілік тыйымдардың түрі. Мысалы, бақылауға алынған тұлғаға сағат 20. 00-ден кейін көшеге шығуға, сыра-шарап дегендерді ішуге болмайды. Бір жағынан бұндай тыйымдардың қисыны түсінікті. Ол, еркіндікке шыққан тұлғаға қайта қылмыс істеуге бармас үшін тосқауыл шара. Қысқаша айтсақ, ол еркіндікке босап шыққан адамға қалыпты өмірге бейімделуіне көмек. Бірақ, екінші жағынан, сол бақылау, оперлар мен бөлімше инспекторларына өздеріне ұнамаған сотталып шыққан адамның сазайын тарттыратын бірде-бір заңды қару.

Манұрға Зәлімнен әкімшілік бақылау арқылы құтылу жолын ұмсынып отырған милиционер қырықбестер шамасынан асқан егде адам. Толық білімі жоқ, ол милицияға 50-і жылдары орналасып, содан бері кезекші милиционердің міндетін атқарып келеді. Поселкелік милиция бөлімшесінің милиционерлерінің негізгі жұмысы, әкімшілік заңдылықты бұзған үшін ұсталғандарды күзету. Көбінесе, бұзықтар мен мастарды. Ол кезде Жоғарғы Совет Президиумының 1972 жылғы 3 шілдеде шыққан Жарлығы (кейінде Горбачевтың мастыққа қарсы күрес науқаны сияқты) милиционерлермен өте қарқынды да қатал қолданылатын.

Әрине, мас адам қылмысқа бармау үшін, не жанұя шырқын бұзбауы үшін, не болмаса, керісінше, ол өзі қылмыскерлерден жәбір көрмеу үшін, не аязда қатып қалмау үшін оны уақытша қамауға алып жекелеген дұрыс. Дегенмен, жеңіл масайған адамды қамап құқығын бұзу — заңға қайшы келеді. Бірақ, соны кім көріп тұр? Милиционердікі әрқашанда жөн. Түні бойы камерада маскүнемдердің арасында жатып, таңертең аузыңнан емес, түні бойы киіміңе сіңген сасық иістен арыла алмай кімге өзіңнің ақтығыңды дәлелдей аласың? Үйреншікті түрмен ешбір бөгетсіз протоколдар салынады, заңды жетік білмесе де, бірақ, осындайға дағдылана жетілген жасақшылар куәгер ретінде жылп етіп қолдарын қоя салады. Ал, ол күндерде, бұндай тәртіп бұзып милицияға түскендердің соңынан қоғам қыспағының ұнамсыз түрлері шұбырып жүреді. Міне, милиция жұмыс орнына хабар-хат жіберді. Онда бастықтың айғайынан кейін тәртіп бұзушыны смена, бригада жиналысына салады. Кейіннен «тәрбие» жұмысына профком, ал, егер кінәлі коммунист болса, партком килігеді. Әлгі байғұсты дырдай ғып премиядан, мүмкін пәтер кезегінен, тағы да басқа жеңілдіктерден айырып, ақыры ол үйдегі «прокурор» — әйелінің алдында есеп беруге мәзбүр болады. Осы у-шу талдаулар ешқандай тәрбие әсерін бермейді, керісінше, сүрінгеннің үстіне жұдырық дегендей, адамды ақшалай жазалап, моральді түрде кемітіп, одан әрі ызаландырып, ақыры қоғамның ең басты шоқпары — милицияны жек көруге әкеп соғады. Бұл жерде ішімдікке салынып кеткен сырқат адамдар туралы сөз қозғалынып отырған жоқ. Дегенмен, бұрмалаушылықтар болатын. Мысалы, сол кездегі «милиция әйнекшелерін» алайықшы. Ол, милицияға мас болып түскен адамның суретін далада шынымен көмкерілген әдейі арналған тақтайшаға іліп қоюы. Және ол суреттерді іздеу-

де жүрген қылмыскерлердің суреттерінің жанына іліп қояды ғой! Енді сол азаматтың балаларының, туған-туыстарының күйлеріне қараңыз: олар не үшін күйюлері керек?

Тегі, негізінен адамсүйгіш коммунисттік идеология, тапшылдық саясаттың ықпалына душар болып, билік партноменклатураның авторитарлық технологиясының арқасында өзгеріп, керек жағдайларда бүтіл бір коллективті жалғыз адамға қарсы қою жолында үлкен іскерлік танытатын. Жеке бастың еркін көзқарасы, егер ол көзқарас жергілікті партия басшысының көңілінен шықпаса, ебімен және қатал жаншылатын. Осыдан диссиденттік ағын-наш пайда болуы. Ал, ол не? Ол ақылды, арлы адамның Кеңес шындығы туралы ақиқат бүкпесіз ойлары. Бірақ, КПСС аппараты ондайларды басып отырды. Көрмейсіз бе, оның көзқарасы партияның бас бағытымен сәйкес емес! Түсінік таба алмаған әділдік іздеуші адам шет елдерге жүгініп, солардан қолдау іздейді. Міне саған диссидент, міне арандатушы, шпион, не десең — сол! Осылай халық өзінің вертикалдық табиғи болмысынан: Адам — Жеке тұлға, Адам — Ар бостандығы — дегендерден арылып, тек горизонталдық: Адам — Партия, Адам — Коммунизм — бағытымен бара жатқандай көрінді.

Міне, осындай негізсіз қудалаудың толқынында, осындай сержант секілділер өздерінің жаман пиғылдарын көтермелеп отырып, сол сәтте, сол мінездерімен бүкіл құқыққорғау органдарының жақсы абыройларын аяққа басып жүрді. Дегенмен, Манұр бұл сержантқа түзу ниетімен қарауға тырысты. Манұрға, олардың білімсіздігі мен дерекіліктері, олардың балалық шағы мен өркендеу кезеңі өткен уақыт пен әлеуметтік ортаның айнаға түскен бейнесіндей көрінді. Өйткені, олар ауыр да қатал соғыс кезеңінің балалары ғой. Және кадр ретінде олар НКВДның темір құрсауы мен НКВД десе халықты жаппай үрей кезген шақта қалыптасты. Бірақ, бұл жағдайлардың бәрі олардың маманға сай еместігінің себептерін дәлелдесе де, ешбір оны ақтай алмайды.

Бірақ, шынын айту керек: ПОМның кезекшілері ретінде бұл егде адамдар өз орындарында болды, өйткені олар үйреншікті қырағылықтарымен саналарынан айырылған қамаудағы бұзықтардың өзі өздеріне қол салуларына жол бермейтін. Екіншіден, бұл ардагерлер ішімдікке жоқ еді, және қамаудағы адамдарға қол көтермейтін. Бұл тұғырдан алғанда олар өте таза болды. Кейіннен ғой, өмірге «жаңа» көзқарастары бар «асау» жігіттер қызметке келгенде, РОВД басшылығының бастарын өздерінің тәртіп бұзуларымен қатыратындары. Бұнда не болмады дейсіз: қызметке арақ ішіп келу, ұсталғандарға қол көтеру, т. б.

Сондықтан, қызуқанды жас жігіттерді тәрбиелеу керек болды, оларға заң бұзушылық, азаматтардың құқығын таптау, қызмет бабын асыра пайдаланып жеке бас мәселесін шешу, осының бәрі қылмысты екенінен бұрын әлеуметтік ақиқат тұрғыдан қарағанда жеккөрінішті екенін түсіндіру міндет болды. Ертеде Аристотель айтқан екен: «Әділсіздіктердің ішіндегі ең сорақы-

сы — Заңның атымен жасаған әділсіздіктер», — деп. Өзінің «Жырада» деген әңгімесінде А. П. Чехов революцияға дейінгі Уклеев селосында болған әділсіздіктерді қандай шеберлікпен суреттеген: «Он төрт жыл бойы қызметте болып, осы уақыт арасында бірде-бір адамды болыс басқармасынан алдамаусыз, ренжітпеусіз шығармайтын, бірде-бір қағазға қол қоймаған болыс басшысы мен болыс хатшысы енді қатар отыр, екеуі де сөміз, қарындары тоқ, өздеріне өтірік пен жалғанның сіңіп кеткені соншама, тіпті бет-терілері де ерекше, алаяқ бейнесіндей көрінді». (автордың аударуы)

Ол кездегі кейбір қызметкерлердің әрекеттері де заңдылықты былай қойғанның өзінде, таң қаларлықтай еді. Міне, милиционер (ГАИдің қызметкері болмаса да) саусағын шошайтып автокөлікті тоқтатып, сұрланып, қабағын түйіп жүргізушінің правосын алады (сол кездегі милиционерлердің ең ұнамды қимылы!). Жүргізушінің құжаты милиционердің қалтасына түсіп ғайып болады. Ешқандай қағаз, ешқандай протоколсыз! Біріншіден, сержант жөнді жаза да білмейді. Екіншіден, оған ешқандай материал жинаудың қажеті жоқ, өйткені өзінің мәселесін шешкен соң, ол құжатты жүргізушіге қайтарып береді, келесі жолы тағы соны қайталайды. Азаматтарға неге сондай көзқарас? Қорқыту үшін. Сөйтіп басынып, қорқытып сол көлікті қайда жұмсаймын десе сонда жібереді, қандай фермадан қандай малды әкелем десе өз еркі. Бәрі үйреншікті жағдай ғой! Солай «қызмет» атқарып, мақтау қағаздарымен де, медальдармен да марапатталып жүрді.

Міне, бүгін де, осындай мықтылардың бірі Манұрға жаңа ғана бас бостандығына шығып, еркіндікте қадамын жаңа басам деп тұрған Зәлімді қайта түрмеге жабу жолын ұмсынып тұр. Көрмейсіз бе, оны қайтадан тығу керек! Ерекшелігі, бұл туралы әңгімені Совет милициясының екі қызметкері жүргізіп отыр! Жәнәте әңгіме заңды жұмыс туралы емес, оларға, милиция қызметкерлеріне тәуелді Зәлімге қатынас алдын-ала ойластырған **заңсыз** әрекеттер туралы. Бұл, біз бар әлемге өркендеген социализмді құрдық, бізде демократия, деп бар дауысымызбен паш етіп тұрған кезде. Сол сәтте Манұрға мына сержант екеуі ешқандай жазығы жоқ адамдарды ГУЛАГқа тыққан НКВДнің жазалаушыларына ұқсап кеткендей көрінді. Осы ойдан Манұр жиіркеніп кетіп, жыландай ысылдап:

— Кезек бөлмесіне түсіңіз. Өз ісіңізбен айналысыңыз, оперативникке мән үйрету Сіздің жұмыс емес!

Сержанттың торы жүзінде қызарған шырай білінгеннен, оның түрі қап-қара болып кетті. Сержант қолындағы кілттің құрсауын саусағында шыр айналдырып, есікке ауыр бұрылды да, Манұрға жартылай қарап:

— Секірме! Мойыныңды үзіп аласың! Зәлімнің кім екенін әлі көресің! — деп бұрқ етті.

Есікті тарс жауып кезекші шығып кетті. Талай жыл осы қызметінде жүргенін арқа тұтып, ол өзіне ештеңе болмайтынын біліп-

ақ тұр. Егер армия болса, мұндай субординация (шен реттілігі) бұзуға жол болмаушы еді. Манұр офицер ғой, аға лейтенант! Бірақ, бұл армия емес. Жартылай әскери, жартылай азамат құрамындай бірдеңе. Чапай дивизиясы!

Түскі үзілістің он минуты өтті. Манұрдың көңілі бұзылып қалды. Әйтеуір, бөлімшеде ешкімнің болмағаны да жақсы. Жарты сағат бұрын Зәлімге қату қабақ көрсетіп отырған Манұр, кезекші сержантты жек көріп кеткені сондай, енді рецидивистті арашалайтындай болып қапты. Кенеттен, Манұр өзінің Зәлімді аяғандай пішінін түсінді, ол байғұсты осы сержантты сыяқтылар еш жазықсыз түрмеге қайта тығып отырғандай. Ол бәрін қайта бастаймын дейді, бірақ, оны арандатып түкке тұрмайтын себептермен зонаға қайта тығады...

Бірақ, Манұр өз көңілін дереу жиып ала қойды. Әй, ойдың да сандырағы болады екен ғой! Аса қауіпті рецидивистті, қанішерді ақтай бастапты ғой. Стол тартпасына арасында Зәлімнің анықтамасы бар журналды салып, кабинетті мөрлеп жауып, далаға шығып үйге аяңдады.

Екіге бес минут қалғанда Манұр өз кабинетінде болды. Дәл екіде есік қағылды да, Зәлім кіріп келді. Бірінші рет қағусыз кіріп еді. Бұнысы не болды? Сараптауға уақыт жоқ. Үстіндегі пиджагі жоқ. Сол қысқа жең көк футболкамен. Кеуде бұлшықтары әсерлі, футболка ішінен қысылғандай көрініп—ақ тұр. Манұр орындықты изеді.

— Отырыңыз!

— Рахмет!

Зәлім отырды. Манұр оның қолдарын көзімен шолып өтті: саусақтарында, білектерінде шынтағына дейін инемен түйреп салған ешқандай жазу-сурет жоқ, бірде-бір нүкте де жоқ! Бұл да Манұрды таң қалдырды. Әдетте сотталғандардың, әсіресе рецидивисттердің денесі инемен түйреп жазған сурет-шимаилардан көк-ала болып көрінетін. Тіпті лауазымды тұлға! Зәлімнің сырт пішіні еріксіз көз тартқандай...

Зәлімнің бағанағы келгені Манұрға күтпеген жағдай болып еді. Әлбетте, қамаудан шыққандағыларға, алдын-ала бірнеше жұма бұрын мекеме әкімшілігі аймақтық милиция органдарына хабарлама, ал, аса қауіпті рецидивисттер босанғанда қосымша бақылау ісін жіберетін. Ондай ештеңе Манұр алған жоқ. Сондықтан олардың бірінші жүздесулері асығыс-үсігіс, қызбалы болды.

— Сен маған түсіндірме жазып бер: қашан босадың, қашан келгеніңді, қай жерге тіркеліп, қайда жұмыс істейтініңді? — Манұр оған қағаз бен қаламды жылжытты.

— Ештеңе де жазбаймын; — деп, Зәлім қағазды Манұрға қарай қайта ысырып салды, — қашан босанғаным анықтамада анық көрсетілген. Станцияның жанындағы поселкеде қарындасымның үйінде тұрамын. Ал, тіркеу жағдайы, сенің паспортистің қалай қимылдаса, солай болады. Жұмысқа өзің орыналастыр,

өздерің білесіңдер ғой ешкім мені жұмысқа алмайтынын, бәрі танып ала қашады. Қашан босанып шықсам, солай, — Зәлімнің түрі қатуланып, көздері шатынап кетті — Сосын, келісейікші, мені тәрбиелеме! Кеш, «мамандық айырбастауға» тым кеш! Бар қағазыңды дайында, бақылау бойынша белгіленген уақытта тіркеуге келіп тұрам. Өмірбақи әділ болдым, ешкімнің ала жібін аттаған емеспін, «мұжыма тышқандарды» жек көрем. Ешкімге соқтықпаймын, маған өздері тимесе болды. Өмірді көрдім! Айдаудағы қасіретті! Міне, сен маған 24 жыл отырдың дейсің. Анық емес. Менің таза мерзімім, 23 жыл, 10 ай, 14 күн, 9 сағат. Ал, шықтым бостандыққа, енді онымен не істерімді білмеймін, барар жер басар тауым жоқ. Ондай бостандықтың қажеті не? Бірақ, онда да мерзімнен тыс ұстамайды. Қырыққа келіп үй-күйім жоқ. Сендердің бостандықтарың зонадан да жаман. 20. 00-ден кейін далаға шығып дәрет сындыруға да болмайтын шығар. 16 жасымда бірінші рет темір тордың ар жағына түстім. Кәдімгі төбелес, сендерше — бұзақылық. Басын ашып, мені түсінуге болушы еді ғой. Жоқ, бұзақылық деп екі жылға кесіп жіберді. Әх, сол соқыр соқпаққа салған тентектігім үшін қазір қандай өкініштемін!...

«Иә, бұны енді түзетуге болмас!» — Манұрдың бұл ойын бақылауындағы азаматтың осылай алғаш кжіне ағынан ақтарылуы туғызды — «соқыр соқпақ»... қалай тауып айтты! Бір төбелес соңынан талай жаман істер мен қылмыстарды көшіне тіркеді. Жамандық, сонша ауыр болмаса да, соңынан сұмдық қылмысты істердің тізбегін туғызады. Өйткені жамандық, вирус тәрізді, адамдағы жақсылыққа уытын шашып оның төңірегіне бағытталған жамандықтың қаруына айналады. Өзінше бір жамандықтың кеселді зардабын туғызады, ал, сол зардапты тек соған керісітік сәйкесі бар жақсы істермен ғана қайтаруға болады. Мысалы, адам қолын былғап алса, дереу сол былғанышты жуып тастағысы келеді. Сол сияқты, жанды да жаман ой-істерден тазартып отыру қажет. Ал, оны қалай істеу, әркімнің мінезіне, интеллектіне байланысты, ол басқа мәселе: біреу құдайға жалбарынып дінге жығылса, біреу рухын өнер бальзамымен сусындатады, біреу жақсы кітаппен алданса, екіншілері спорт не қара жұмыспен айналысып бұлшық етінің теріне шомылады. Бірақ, Зәлім, тазарғаны сол, өзінің жағдайын тым күрделендіріп жіберген, оның ойынша, бәріне «менттер», құқыққорғау органдары кінәлі...»

Зәлім тоқтаусыз өз жанының запыранын төгіп жатты, егер қазір соның бәрін айтып қалмаса, ол жарылғыш заттай жарылып кететіндей.

— ... Сосын кетті! Шыққасын сәл басыңды көтерсең болды, тағы да статья, тағы да бұзақылық деп соттап жібереді. Солай мен «нәрестеден» «алапеске» дейін бірақ жеттім. Ал, мен әділсіздікті мойындай алмаймын! Сендерде солай ғой: менттікі әрқашан да дұрыс! Мен саған айтсам, егер тентектердің істерін біреу сараптаса, оның жартысы далбаса. Сонымен, қайталанған қылмыстардың жартысының авторы сендер, менттер, өздерің-

сiңдер. Сендер қалай шимайласаңдар, сотта солай суреттелiп шығады. Ал, жас жеткiншекке тiптi бiр рет сотталса да кейiн қалыпты өмiрдiң жолына қайта түсу өте қиын. Үшiншi рет сотталғаннан кейiн мен сендердiң құқықты жүйелерiңдi иттей жек көрiп кеттiм. Мен бостандыққа шыққанның өзiнде қараңғы аязды түнде үйден далаға отын алып келу үшiн шығатын адамның күйiнде болам, шыққың келмейдi — бiрақ шығу керек. Сол сияқты мен де бостандыққа тек туыстарымды, iнi-қарындасымды көруге, ешкiм оларды ренжiтпейме екен деп шығатын болдым. Шынын айтсам, мұндағыдан гөрi маған онда жеңiлiрек. Ондағы тәртiп маған түсiнiктi. Эх, бәрi кеңiрдекке дейiн жеттi ғой! Қысқаша, қашан тiркелуге келiп тұратынымды белгiле. Өзiңде ме, жоқ, басқа бiреуде ме. Жұмыс туралы, станцадағы Продснаб қоймасына жүк тасушы ғыл орналастырсаң жарар едi, маған жақын ғой. Басқа ештеңе қолымнан келмейдi. Қойма меңгерушiсiмен сөйлес. Сосын, бөлiмше инспекторы, басқа да менттарың менi мазаламасын. Жыныма тиедi. Одан да мотоцикл ұрлықтарын ашсын. Оларды жеткiншектер iстеп жүр. Тезiрек оларды әшкерлесендер, соғұрым жақсы болады. К..... е дүре соғыңдар, бiрақ отырғызбаңдар. Жаман болады! Оларға да, мент — сендерге де, жалпы елге де, — Зөлiм, көзiн ойнақшытып, сөзiн аяқтады.

Былай қарағанда, байсалды да салмақты адамның жас баладай өкiнiш пен зiлге толы бiраз сөздердi ағынан жарылып ақтарып тастауы Манұр үшiн күтпеген жағдай едi. Ол одан ештеңе сұраған емес. Бiрақ, үндеместiң тығылмағынан гөрi осының өзiн Манұр дұрыс деп тапты. Тым болмаса, осының өзi бақылаудағы адам туралы бiраз сараптама бередi ғой. Өкiмшiлiк бақылаудың кейбiр баптарын талдап, Манұр Зөлiмге қайтуға рұқсат бердi.

Зөлiм орнынан ширақ тұрды.

— Ертең кел де, бiраз қағаздарға қол қой. Қойма меңгерушiсiмен сөйлесемiн. Тек, ескертем, 20. 00 ден кейiн үйден шықпа. Егер бiр жағдай болып қалса — хабарла. Сыраханада, арақ-шарап сататын дүкендердiң жанынан қия басушы болма! Жөнел!

Зөлiм кеткесiн, алғаш әңгiмелерiнiң барысын сараптап, Манұр аса қауiптi рецидивистпен жүргiзетiн қылмыстың алдын алу шараларының бiрiншi жоспарын қағазға түсiрдi.

Жарты сағаттан кейiн Манұр Зөлiмнiң қарындасы iстейтiн жергiлiктi СМУға келдi. Ол қосымша бөлмеге қолындағы қалақшасымен келдi, бетiн тер басқан, бiр жерде сылау жұмыстарын жүргiзiп жатқан болар. Амандасып, отырған соң, ренiш пен үрей аралас дауыспен:

— Немене, келмей жатып тағы да бiрдеңе бүлдiрдi ме?

— Жоқ, мазаланбай-ақ қой! Өзiңнен ол туралы бiрер нәрсенi сұрайын деп едiм.

— Мен не айтам. Ол менен сегiз жас үлкен. Менiң төрт жасымда анам қайтыс болды. Зөлiм әкейге көмекшi болды, ол да Зөлiмдi жақсы көрдi, еркелеттi. Бiрақ, Зөлiм — жанып тұрған от қой! Өзiне күш көрсеткендi, соқтыққанды көтермейдi. Қалай екенiн



білмеймін, әйтеуір ол бар өмірін түрмеде өткізіп келеді? — әйелдің көзі жасаурап кетті.

— Оны айтып қайтесің. Өте мұңды. Мен оған онда қайта түспесін дер едім. Сондықтан, мен оның бүгінгі күнгі тәртібін білейін деп едім, ішкенде мінезі қалай, үйде не бітіреді, жалпы психологиялық суретін айтып берсең.

— Ол соңғы 10 жыл үйде болмаса мен оны қалай суреттейін. Оның өзінде, соңғы сотталардың алдында бостандықта бір-жарым ай ғана жүрді. Өзі пышақсыз жүрмейді. Және біреу емес. Өр жерінде жасырады, бірде қолтығының арасындағы қалтада болса, бірде аяғына таңып алады. Әдістері көп. Ал, үйде жүргенде мінезі жұмсақ. Өте ақылды. Бір кеңес берсе, соны көпке дейін ұмытпайсың. Ешқашан өтірік айтпайды, бүкпесіз тура сөйлейді. Ештеңеге иілмейді, өзін құртатын да сол ғой деймін. Тасқа түскен шалғыдай. Оны мақтап та, жамандап та айта алмаймын. Өзіме де оңай болып тұрған жоқ. Қорқам, шын айтам, қатты уайымдаймын. Күйеуіммен, екі сәбиіммен тұрамын. Екі бөлмелі пәтер. Кейде күйеуім де ұрттап қояды. Өрине, ол Зәлімнен қорқады. Бірақ,, сайтаным біледі, мас теңізді терең демеіді ғой. Мас күйінде бірдеңе деп қалса бітті ғой, Зәлім оны бауыздап тастамай ма? Жә-рәйді, қыздар мені жоғалтып алған шығар, кеттім.

Тағы бір сағаттан кейін Манұр станцадағы Продснаб қоймасына да жетті. Қойма меңгерушісі Герасина, егде, үлкен денелі әйел өзінің күркіреген дауысымен Манұрдың бетін қайтарғысы келді:

— Сіз қалайсыз, ол менің алқаш жүк тасушыларымыды бауыздап тастамай-ма. Бәрін ішімдікке салады. Бес әйел жұмыскерлерім бар, олардың бәрін зорлап тастайды! Маған оның қажеті не! Өзімнің де мәселелерім толып жатыр!

— Лида-апай, ол зорлаушы емес, ұры да емес. Ия, бұзық, ия, кісі өлтірген, бірақ ол баяғыда болған іс. Комбинатта ол жұмыс істей алмайды, онда ол күнде 12 шақырым жердегі поселкеге барып тұруы керек, мен оны таса қалдырам ғой. Ол менің назарымда болуы керек.

— Ал, сен оны 12 шақырым жерде не істеп жатқанын қайдан білесің?

— Бұнда ол сіздің көз алдыңызда ғой. Осы төрт қоймалардың қабырғаларынан асып ешқайда бармайды. Ал, күші қандай деңіз! Сіз көрсеңіз ғой!

Мүмкін Манұрдың кейінгі сөздері нысанаға дөп тиген болу керек. Манұр өзі де аңдамай қалды: оған жүк тасушы керек қой!

— Күшті дейсің бе! Иә, ондай көптік жасамайды. Менің алқаштарым бір көлікті күні бойы артады, ал дүкендерден сұрау көп: ұн қайда, ет қайда? Жә-рәйді. Арыз жазсын. Қол қояйын. Тек бірінші жағдайға дейін. Звондасам — қайда әкетсең, сонда әкет!

Солай келісім бітті. Тек, Лида-апай «бірінші жағдайға дейін» дегенін түсіндіріп айтпады.

Бір-жарым ай өтті. Зәлім жүктасушы болып істеп жатты. Ау-

дандық ІІБ-не уақытында келіп, бірақ, бөлімшеге кезінде жетпеген бақылау ісін алып, Манұр аса қауіпті рецидивистке әкімшілік бақылау жұмысын бастады. ЕТК-дан келген мінездемесі өте нашар. Қамаудағы көп уақытын Зәлім ШИЗОда (айып изоляторы) өткізген. Көбінесе түрме қараушыларына қарсылығы үшін. Бір сөзбен айтқанда, жыны басылмаған. Қамауда сондай көп мерзім өтесе де мойымаған. Әрине, әкімшілік бақылау тәртібіне сай Манұр оған бар тыймды аямай-ақ салды. Бақылау тәртібін бұзған емес. Тиянақты түрде тіркеуге келіп отырды. Жүгіре басып кабинетке келеді де, тіркеу қағазына қол қойып, қоштасып тайып тұрады. ҚК-ның бар статьясын жатқа біледі. Тіпті, бір күні Манұрға, сен статьяның мәтінін сұра, мен оның жаза сілтемесін айтып берейін, деп өзінің білгірлігін көрсеткені бар емес пе. Ал, одан басқа ол Манұрға ашық айтыла бермейтін өте маңызды ақпараттар беріп отырды. Көбінесе зонадағы жазылмаған заңдар мен тәртіп туралы, қамаудағы қылмыс таптарының арасындағы қарым-қатынастар туралы, олар бостандықтағы қатынастардан ерекше бөлек қой. Қамау орындарының әкімшілігінің, әр «қожаға» байланысты қызмет тәсілдері туралы. Солардың естен тандырар «тәрбиелеу» мен «түзету» тәсілдері туралы.

Осындай бір әңгіме барысында, Зәлім:

— Сендер, менттер, «кемендерден» ерекшесіңдер. Сондықтан зектің жанын түсіне алмайсыңдар. Егер зектің түрмеге түскен сәттерінен босағанға дейінгі жолын білмесеңдер, өзі жұлым-жұлым болып қансыраған жүректі сағат сайын таптағанын көрмесеңдер, қалай сендер бізге әділдік сезімін ұялатам дейсіңдер. Жаза деген — тек бас бостандығынан айыру ғана ғой. Бітті! Әй, көрсеңдер ғой, «қызылқауырсындардың» қарусыз, аш-жалаңаш ауыру зектардың қорғана алмайтынын басынып арестанттың көкірегіндегі бар кісілігін таптап қорпағандарын. Ешқандай шағым көмектеспейді. Онда өздерінің ішкі былықтары да жетіп жатыр. Көбінесе байғұс мұжықтар сорлайды, ал, ұрылар, ерекше тап болып бәріне әміршілік жүргізеді. Онда кісі өлтіру деген, тауықтың басын жұлып алған мен бірдей. Ешқандай әкімшілік, ешқандай прокуратура бас-аяғын таба алмайды. Онда куәгерлер жоқ! Онда тек қасқырлар мен олардың жемтігі бар, әрине, шие бөрі қорқаулар да бар. Біз, бұзақылар, алшақпыз: әрине, кейбіреулері ұрыларға қызметке барады, бірақ ол міндетті түрде емес. Әр жерде әр түрлі. Ал, ШИЗО мен БУРларда (күшейтілген тәртіп барактары) не болмайды дейсің? — Зәлімнің шын айтып тұрғанын Манұр сезіп тұрды, оның өзі де қызмет бабымен зоналарда талай болған, тікен сымнаң арғы жағындағы тәртіптерден хабары бар болатын.

... Түрме өзінің қатал тәртіптерімен болып жатады. Онда мінездер бұзылып, дұрыс мықты адам пиғылдары жоғалып, керісінше, адам табиғатының терең қабаттарында қалғып жатқан айуандық негізін жалаңаштап, бұрынғы өлсіз тұлғалар жауыздана түседі. Бірақ, түрме тұтқындарының жүрегін езгілеген мұң

бөріне бірдей лайық.. Бұл мұң, тұтқынның санасынан шағылып жанарларына мөр басқандығы сондай, Манұр, көптен демалыста болса да, бүгінгі күні отырып шыққын зекті көзінен таниды, ешқандай құжатсыз ол оның отырған мерзімін және бабын айтып беруге бар. Әйткені, милиция бастығы болып қызмет атқарған жылдары Манұр жаңа ғана еркіндікке босап шыққан тұлғалармен бетпе-бет кездесуге өте көп уақыт жұмсаған. Және ол оларға менсінбеген түрмен қараған емес, кіжіңдеп қорқытқан емес, керісінше, оларға адам сияқты қарап, бірақ, өмір жолында қателік, кейде мейрімсіз қателік жіберген пәндәләр деп қарады. Міне, дәл осындай бірінші кездесулер бақылаудағы адаммен түсінісуге көп әсерін тигізеді, сен асықпай, мазасызданбай берік түймелеп тастаған арестанттың жан ілгегін ағыта бастағанда, ол саған сене бастайды, тым болмаса түсіне бастайды. Оның қалың тұманды мұң басқан көзінде бір ұшқын жылт еткенде, сен, әлдебір үміт тынысынан дір еткен аурудың сырқатының барысын сезіп қалған дәрігердей, бақылаудағы азаматтың болашақ беталысын межелеп ұғып қаласың.

Манұрдың жеке бақылауы бойынша қылмыскерлер екі үлкен категорияға бөлінеді: біріншілері — өз өмір жолдарын сараптай алатын, өз қателерін ақиқат түрінде қабылдап түсіне алатын, өздерін іштей кінәләп, сондай түсіну қабілеттері бар, өздерін құрып біткен деп санамай, бар жігерін қылмыс соқпағынан үзілуіне, өздерінің болашағында бір жақсылыққа сенетіндігі — оларда **Үміт** бар! Айта кетелік, келешекте осы категорияға жататындар, психологиялық адаптациядан өтіп, қоғамда орындарын тауып, ересек тұрғындардың көпшілігін құрайтын «сотталмаған» сұрша топтан әлдеқайда рухани таза да биік болады.

Екіншілері — мемлекетке, қоғамға деген **зіл** мен **өшпөнділік** оты жаны мен санасын матап тастаған, түрме болмысының үмітсіздігі мен қайырымсыздығы есуас қып тастаған, адам пиғылынан айырылған, өз кінәләрі миларына кіріп-шықпайтын әйтеуір бір жан иелері, олар қатігез мінездерімен, бетпақтығымен топас жанға айналғандар, олардың түрме болмысына қалыптасып кеткендігі сондай, өз бастарының жантүршігерлік жағдайын түсіне алмайды, сондықтан хайуан тәрізді қылмыстың ең соңғы түбіне дейін барады. Босап шыққанда, олар еркіндікке қалыптаса алмайды да, ең аз уақыттың ішінде қайта қылмыс жасап түрмеге тағы түседі, онда өзі өзіне қол салғанша, немесе олардың өзін басқа біреулер өлтіріп тастамағанша, ар кетсе, атылу жазасына кесіліп кеткенше күн кешеді. Зәлімді Манұр екіншілерге жатқызар еді, бірақ оның маңғаздығы мен байсалдылығы басым болып тұрды.

Осы жерде оқушы, әсіресе жастар, СССРдағы қамауға алынатын жерлер туралы хабардар болсын деп, зонаға 1953 жылы алғаш рет аяқ басып өтіп, сол 24 жылда өзіне не сіңіріп алды деген осы еңгіменің кейіпкерінің психологиясын аз да болса түсіну үшін біраз шегініс жасау дұрыс болар.

«Концлагерь» деген атау совет адамдары үшін Гитлердің есі-

мімен қалыптасты деуге болады. Өйткені біздер кітаптан, газеттен оқып білгеніміз де, кинофильмдерден көргеніміз де тек фашист концлагерлері болатын. Солай совет адамдарынан жүйе шындығы тиянақты түрде жасырынылып отырған себептен, совет адамдарында Жауыз мен Періштенің түсініктері шайылынып кеткендей бұлдыр түрде қабылданып отырды. Соғыс құрбандарын санамағанда біздің Совет қоғамымызда тек 42 жылдың ішінде (1917 жылдан 1959 жылға дейін) қамауға алынған жерлерде атылудан, аштықтан, ауырып өлуден 55 миллион адам жойылған! Бұл профессор-статист И. А. Кургановтың деректері. Үрейлі цифрларға назар аударыңызшы! Жәй арифметикалық санаумен әр сағатта 150 адамның құрбан болғанын белгілеуге болады. Әр сағатта!

Басқа да деректер бар. Өткен ғасырдың 70-і жылдары мағлұматтарды қолына ұстап отырған КСРО Орталық есепбасқармасының Платонов деген экономисті жасырын түрде (ол кезде бұндай жұмыстарды ашық жүргізу өте қауіпті болатын) 1918 бен 1955 жылдар арасында аштықтан, эпидемиядан, соғыстардан, жаппай репрессиялаудан 87 миллионнан аса адам құрбан болғанын санап шыққан. Оның ішінде түрмеде, лагерлерде, айдауда өлгендердің саны 48 миллионнан астам. Егер осы адамдар тірі болғанда олардан 64 миллион ұрпақ туып-өрбіп шығушы еді. («Лит. Россия», № 8, 1991ж).

Екі деректерде де цифрлардың айырмашылығы онша алыс емес.

Тағы да. Біз өз лагерлеріміз, ГУЛАГ жүйесі туралы сөз қозғағанда Сталин мен оның жеңдеттері: Вышинский, Ежов, Ягода, Берия тағы басқаларын елестетеміз.

Бірақ,, деректерге қарағанда, сонау 1918 жылдың ақпанында СНК Төрағасы Владимир Ильич Ленин қамау орындарын көбейтіп, репрессияны күшейту туралы бұйрық берген (Ленин, Шығ. жин. 5шығ. 54т, 391 бет), ал, мамыр айында тікелей басқаруға көшкесін, пара алған үшін 10 жыл түрмеге жабу, оның үстіне тағы 10 жыл еріксіз қара жұмыс, барын алғанда 20 жыл, деп бұйырған! 1918 жылғы тамыз айында Пенза губаткомына былай деп телеграмма жібереді: «күдіктілерді (*кінәлілерді емес, күдіктілерді — автордың курсивы*) қаладан сырт концлагерге жабыңдар». Міне, қай уақыттан бізде концлагерлердің пайда болуы. 1922 жылы Наркомюст пен НКВДның қамау орындары тұтас ГУМЗак деп біріктірілді (Главное Управление Мест Заключения). ГУМЗак ГУИТУ СССР ға (Главное Управление Исправительно-Трудовых Учреждений, зектар оны *Истребительно* (жою) — Трудовые деп атаған), сосын ГУИТЛ, ГУЛАГ деп аталып, соңынан қайта ГУИТУ атауын берді.

Біздің өңгімеміздің кейіпкері бірінші рет төбелес үшін зонаға келген 1953 жыл ГУЛАГтың өшіп бара жатқан кезеңі еді, дегенмен, лагерлердің дымқыл да қапас ауасы көпке дейін тұтқындарының санасы мен жанын улап түрмелердің жазылмаған заңдары мен дәстүрлерін сақтап қалды.

Дәл осы жылдар «қаншықтар соғысының» қайнап тұрған кезі еді. Лагерлердің өмірін онжылдықтарға белгілеген бұл құбылыс туралы осы күндерде көп жазылуда. Құбылыстың негізгі себебі қылмыстың ескі әлемінің әртүрлі себептермен соғыс кезінде әскерге алынып майдандарға, сапты роталарға жіберілген «әскерилерге» — ұры-рецидивист, «уркаларға» қарсы шығуында. Оларды соғыстан кейін қылмыстың ескі әлемі өз қатарларына алмады да «әскерлер» «билік» басына жіберілмеді. Сұрақ тоқтерінен қойылды:

Сен соғыста болдыңба? Қолыңа мылтық алдыңба: ендеше сен — қаншықсың, нағыз қаншықсың, сондықтан «заң» бойынша жазалануың керек. Оған қоса, сен — қорқақсың! Сен қолыңа мылтық ұстамай сап роталарына бармай «мезгіл алуға», не тіпті өліп кетуге жігерің жетпеді!

Өздерінің бұрынғы сыбайластарының алдында «қаншық» болған «әскерилер» бұндай қорлыққа көнбей қарсыластарына соғыс жәрияләйді. Қылмыс әлемі ондап, жүздеп бірін бірі өлтіре бастады.

Кейіннен бұл соғысқа үшінші жақ — шексіздер» — араласты, олар екі жақты да өлтіре бастады.

«Қаншық» соғысы ұрылардың тәтті қиялмен өлтіру, қанішерлік мінезді қолдайтын қаратүнек пиғылдарына сай еді. «Қаншық» соғысы қылмыскерлердің біраз жылдар куә болған уақиғалардың бейнесі еді. Осы соғыстың эпизодтары, қисық айнадан шағылғандай, қылмыскерлер болмысына көп жылдар өткеннен кейін де әсерін тигізіп отырды..

Көп мыңжылдықты қылмыс тарихы тонау өлкесіне таласты, қылмыс әлеміне басшылық ету деген бандиттердің өзара талай қанды уақиғаларын біледі. Дегенмен, «қаншық» соғысы осы тарихта ерекше болып көрінеді.

Енді, мысықтың соқыр баласындай жәй түрме түсініктерінің өзін жете білмейтін біздің өңгімеміздің кейіпкері — он алты жасар жеткіншектің бір төбелес үшін лагерлердің осындай қантөгісіне тап болғандағы күйін көріп бағыңыз.

Қылмыс әлемінің хайуандық заңдары жеткіншекке өзі біліп түсіне алмайтын шешімдерді алдына салады. Әр адамның алдында бір үлкен мәселелерді шешетін кезі болады, және осы жағдайлар көбіне тәжірибесі аз да, қателікке мол жастық шаққа келеді. Дәл сол кезде салмақты көзқарастан гөрі батылдылық пен өжеттілік көп болады. Қиын таңдаудың босағасына тап болған жеткіншек, құпиялы қылмыс әлемі туралы мыңдаған зектердің қылмысты аңызына алданып, келешекте қайта шығатын жолы жоқ қиянатты қадамын басуға мәжбүр болады. Қылмыс арман-қиялының үрейлі оқалы шекпені жасөспірімді алдамшыл бүркеніш жылтырымен баулып мәңгілікке оның санасын улауға бағышталады.

Сосын ол үйрене бастайды, ыза мен қиялға булығып енді өзі сол құрыған ұйымға құрбыларын іріктей бастайды. Бостандыққа

шыққанда (заң түгілі) әлеуметтік білімі жоқ ақ-саусақты оперлар мен бөлімше инспекторлары жаңа босанып келген жас жігіт тағы бірдеңе бүлдірер деген күдікті оймен осы ыза-қиялды одан әрі өршелетіп отырады. Бұндайларды жылдамырақ келген жеріне қайта жіберу керек. Бітеу шеңбер.

Міне, осы бірінші сотталғаннан кейін Зәлім сол бұзықтық үшін тағы үш рет сотталады. Осы жерде Зәлімнің «түсін» талдап алған жөн болар, өйткені бұзық ұры емес.

Біз ұры мен бұзық арасындағы айырмашылықты айыра алмаймыз да сол айырмашылықтың мәнін толық біле қоймаймыз. Сөз жоқ,, бұл екі әлеуметтік топ — қоғамға қарсы, сонымен бірге өздері де бір-біріне жау. Бірақ осы әр топтың шын қауіптілігін сараптауға біз өте сирек бұрыламыз. Әрине, қоғам ұрыдан гөрі бұзықтан қорқатыны сөзсіз. Өмірде азаматтар ұрымен сирек кездеседі, көбінесе бұл кездесу жәбірленуші не күйгер ретінде милиция бөлімшесінде, не қылмыс зерттеу қызметінде өтеді. Бәрінен қаһарлы кафеде, көше мен клубта, не қараңғы бұрлыс пен үйдің кіре берісінде кездесетін бұзық.. Бұзықтар мен ұрылардың нақты бағасын тек қылмыс зерттеу мамандары ғана біледі.

Зонаның сыртында халық ұрының кім екенін, урпаған, блатарь, рецидивист ұрылар кім екенін білмейді. Саябақта ілулі тұрған кірді ұрлап, оны сатып ақшасын станцаның буфетінде араққа салғанды біз әйгілі «секірме» дейміз. Адам ұры болмай да, қылмыскерлер ұйымына қатысы болмай да ұрлайтынын біз біле қоймаймыз. Адам сондай қылмыскер болмаса да кісі өлтіріп ұрылыққа баруы мүмкін. Әрине қылмыскер ұрлайды. Ол сонымен күн көреді. Бірақ ұрының бөрі блатарь емес, осы айырмашылықты әбден түсіну қажет. Қылмыс әлемі бөтендердің ұрлықтарымен, бұзықтарымен қатарлас жүріп жатады. Әрине, жәбірленушіге бәрібір, оның мүлкін кімнің тонағаны — блатарь-ұры ма, баукеспе ұры ма, әлде бұрын ұрлық жасамаған көршісі ме. Оны қылмыс зерттеушілері сараптай берсін.

Қоғам ұрылардан гөрі бұзықтардан қорқады. Әрине, біз көп біле қоймайтын ұры дегендерді «халық жасақшылары» тыя алмайды. Кейбіреулер жасырын топтарда жасырын аттарымен құпиялы блатарь ғана болады деп ойлайды. Олар тек магазин мен кассаларды тонайды. Ал, ілулі тұрған кірді ол мырзаларың ұрламайды, ондай майда ұрлыққа барған «сорлы ұрыларға» кейбіреулер кейде милициядан жасырып көмектескісі келеді, біреуі аяғаннан, біреуі қорқып жағынғандықтан.

Бұзық олардан қорқынышты. Ол күнделікті, қайдан болса содан пайда болып, өте жақын жерден табылады. Ол қаһарлы. Одан тоғышар халық милициядан, халық жасақшыларынан араша іздейді.

Сонымен бірге бұзық, қандай да болмасын бұзық, қалай айтсаң да адам деңгейінде болады. Ал, ұры-блатарь адамгершіліктің тыс жағында болады. Қандай болмасын кісі өлтіруші, қандай да болмасын бұзық ұрыға қарағанда ештеңе емес. Ұры

да кісі өлтіруші, оған қоса ол бұзық та, одан басқа да адам тілінде атау таба алмайтын бір құбыжық.

Қамау орнындағы қызметкерлер мен оперлар өз естеліктерімен бөліскенді ұнатпайды. Бүгін базардағы дүңгіршіндердің сөрелері адамзат батпағының түбіндегі шіріген қылмыс әлемін ашық та өтірік мақтап жазған мыңдаған арзан детективтерге толы. Және бұл кітаптар қылмыспен күрес жолынан аулақ тұрған ресей және басқа шетел жалаңаштілді авторларынікі.

Соған орай, бізде сол қылмыспен бетпе-бет күрескен қызметкерлердің қылмыс әлемі туралы байыпты да ақиқат кітаптары жоқтың қасы. Жақсы мен жаманды ақ-қара ғып ажыратқандай қылмыстың адамға қарсы оқталған негізін әшкерлеп жеткіншектер мен жастардың көзін ашатын адал кітаптар аз.

Қылмыскерлер — тұрақты әлеуметтік топ, дұрысын айтқанда әлеуметке қарсы топ. Ол біздің жастардың өмірін улап біздің қоғаммен бітпейтін күрес үстінде кейде жеңіске де жетіп отырады, өйткені қоғам оған аңқау сенгіштікпен қараса, олар қоғаммен арамдылық, алдау, қорқыту, қатыгездік, өлтіру деген қаруларымен күреседі.

Блатарьлар бұзықтарға өте қырын қарайды. Қылмыс әлемінде: «Бұл ұры емес, ол жәй бұзық», «ол ұрыға жатпайтын бұзық іс» деген көпшіліктің тіліне ұқсамайтын ұғымдар бар. Бұндай ұрыларға сай жәдігөй екіжүзділік әр басқан қадамда кездесіп отырады. Жас блатарьды осы бағытта тәрбиелейді. Ұры бұзық болмау керек, «өнегелі ұрының» бейнесі — тыңдаған «романдардың» куәгері және блатарьлардың ресми белгісі. «Өнегелі ұрының» бейнесінде блатарь жанының орындалмас қиял, мұңы жатқандай. Сондықтан «әсемдік», «ақсүйектік нақыш» ұрылар құпия әлемінде өте жоғары бағаланады. Және осындай себептерден блатарь тіліне «қылмыс әлемі», «айналды», «ол онымен тамақтанады» деген сөздер орын алған, бұл сөздер лепіркелі де, келекелі де боп саналмайды. Бұл — белгілі мағыналардың термині, тілдің айтылу барысы.

Ұрылар «сураларында» ұры бұзық болмау керек деп айтылады.

Ұқыпты киінген, жағада гүл шоғы

Үстінде ағылшын сұр пәлте,

Жетіде отызда астананы шолып

Қарамай кетті ғой әйнекке.

*(Автордың аудармасында)*

Бұл — «өнегелі-ұрының», «аю аулаушы-блатарьдың» классикалық идеалы, классикалық бейнесі. Бұзақылық ұрыға жәй бір балалық күнәсіз іс тәрізді. Ұры басқаша ерігеді. Біреуді өлтіріп, қарнын жарып шектерін тарқатып, сол шекпен екінші біреуді қылғындырып өлтірсе — міне, нақты ұрының ісі. Бұндай жағдайлар болған да. Лагерлерде бригадирлардың талайы өлтірілген, бірақ, тірі адамның мойнын қос-қолды арамен кесіп өлтіру — бұндай қасіретті ойлап табуға адамға жат, тек блатарьдың майы

ғана жетеді. Ең сұрапыл бұзақылық ұры-блатарьдың жәй еріккенінің жанында баланың әзіліндей көрінеді. Блатарлар да арақ ішіп, өздерінің «үйірлерінде», «қордаларында» бұзақылық істеуі мүмкін, бірақ, ертең өз таптарына кіретін аңғалдарға өздерінің өрескелдігін төбелеспей көрсетеді. Жәй бірдеңе ұрлау мен бұзықтық блатарь әлемінің шеті, бұл жер — қоғам өзінің қарсы көлеңкесімен кездесетін меже.

Жаңа, жас ұрыларды іріктеу бұзықтар ортасынан сирек алынады. Бұзық түрменің қармағына ілініп, төбелесін қойып блатарь әлеміне кіруі мүмкін, бірақ сол әлемнің заңын өршітіп көркейтуге ол көп ықпал ете алмайды.

Қарап тұрсақ, Зәлім еш жағынан да ұрыларға жақындығы жоқ. Ол бұзық.. Қанішер бұзық. Бірақ, соқтықпа-бұзық емес. Оның мінезі, бар өмірі оның ауырсалмақты бұзық екенін көрсетеді, ол өзінің бұзықтығын нақты адамдарға, нақты жағдайда да істейді, өзінің шектеулі ақылы, өзінің эгоизм деңгейі жаңағы адам мен жаңағы жағдайларды өзін өкпелеткен, намысына тиген деп санағанда. Зәлімнің заңға қайшы келетін өзінің бұзықтық кодексі болды. Егер Зәлімнің істері қылмыс кодексінің баптарына жетпей жатса, тәртіп сақшылары істің сол баптарға жеткізуіне бар күштері мен жігерлерін салып, Зәлімді тағы қайталай соттатып отырды. Сталиннің сөзін бұрмалай айтсақ: поселкеде бұзық жоқ — ешқандай мәселе де жоқ! Ол кісі өлтіруіне төрт рет сотталғаннан кейін барды, сондықтан, бұрын онымен профикатика жұмысын жүргізген бөлімше инспекторлары мен оперлар оны ақыл айтып, қатаң бақылап түзетудің орнына қайта-қайта зонаға тығып осы қайғылы жағдайға қандай да болса кінәлі емес пе екен деген ой еріксіз күдік туғызады. Ал, Одақ бойынша осындай тағдырлар қаншама?

Міне, енді бөрінен жұрдай болған, аса қауіпті рецидивист дәрежесіне көтерілген сұрқия бар бұзықтық сәнімен Манұрдың алдына келді. Манұр — бала кезінен тек бір Зәлім деген аттан дір ететін кешегі поселке тентегі, енді өзінің қызмет бабына байланысты оны «тәрбиелеуі» керек. Әрине, оның ешқандай «тәрбиеге» кәнбейтіні оған жақсы түсінікті еді. Бірақ,, оның қылмыс әрекеттеріне қандай да болсын тосқауыл қою Манұрдың міндеті. Ең басты іс осы екені оған анық.

Зәлімнің бір дұрыс жері — ол ешқашан өтірік айтып бұлтармайды, танк тәрізді алға ашық ұмтылады. Оның араласып жүрген адамдардың айтуынан, өзімен бетпе-бет сөйлескен, қатынасып жүрген кездерде Манұр оның өтірікке жоқ екеніне әбден сенді. Ал, басқа жағына келгенде, басқа зектер сияқты, дегенмен оның моралі жалпы адамзат көзқарасының терістігінде жатыр еді. Сол себепті, ол Манұрдың алдында жеккөрінішті сұрқия саналып тытығына тиіп-ақ жүрді.

Ал, қойма меңерушісі Герасина оны мақтаумен болды:

— Ой, қандай ер! Жұмыскер! Жасыратыны жоқ, әсіресе дүйсенбі күні мыналардың «бастарын жазуға» мәжбүр боласың, ау-